



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2004 ж. « 10 » маусым ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 980540003292
№ 3858-1900-Ақ(ШҚ)
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. « 12 » желтоқсан

Жалғыз акционердің

20 тамыз 2018 ж. №04-18/А

Шешімімен БЕКІТІЛДІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2018 ж. « 6 » қаркүйек
БСН 980540003292
№ 3858-1900-Ақ(ШҚ)
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. « 12 » желтоқсан

«Ситибанк Қазақстан»
Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ.

1-бап.
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Ситибанк Қазақстан» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Банк») осы жарғысы (бұдан әрі - «Жарғы») оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібін және құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа қағидаларды айқындайды.

1.1 Банктің толық атауы:

Қазақ тілінде: «Ситибанк Қазақстан» Акционерлік қоғамы

Орыс тілінде: Акционерное общество «Ситибанк Казахстан»

Ағылшын тілінде: Citibank Kazakhstan Joint Stock Company

Банктің қысқартылған атауы:

Қазақ тілінде: «Ситибанк Қазақстан» АҚ

Орыс тілінде: АО «Ситибанк Казахстан»

Ағылшын тілінде: Citibank Kazakhstan JSC

1.2 Банктің және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы, Қазыбек Би көшесі, 41, Парк Палас «А» Ғимараты.

1.3 Банк қызметтің шектелмейтін мерзіміне құрылды.

1.4 Осы Жарғы жалғыз акционердің 2015 жылғы 2 қыркүйегіндегі №05-15/А шешімімен, оған Жалғыз акционердің 2016 жылғы 7 қыркүйегіндегі №04-16/А шешімімен бекітілген №1 өзгеріспен бекітілген Банктің жарғысын ауыстырады, оның кез келген ережелерін қайта қарайды, түзетеді және алмастырады.

2-бап.
БАНКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1 Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоттары бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемдене және жүзеге асыра алады, міндеттерді көтереді, сотта талалкер және жауапкер бола алады. Банк өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

2.2 Банк шетелдің қатысуы бар екінші деңгейдегі еншілес банк болып табылады және Қазақстан Республикасының бірыңғай банк жүйесіне кіреді.

2.3 Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркелген кезінен бастап заңды тұлға құқықтарын алды.

2.4 Банк өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

өтемнің алынуы мүмкін өз мүлкінің шектерінде ғана жауапкершілікті көтереді.

- 2.5 Мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 2.6 Банк жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер (бұдан әрі – «Жалғыз акционер») Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банк қызметімен байланысты залалдар тәуекелін оған тиесілі Акциялардың құны шектерінде көтереді.

3-бап.

БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

- 3.1 Банк қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – «Уәкілетті орган») лицензиясы болған кезде банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге операцияларды жүзеге асырады.
- 3.2 Банк өзінің қызметін оның операцияларды жүргізуінің жалпы шарттарын айқындайтын ережелерге, сондай-ақ Банктің ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.
- 3.3 Банктің Директорлар кеңесі мақұлдаған операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер:
- 1) қабылданатын депозиттердің және берілетін кредиттердің шекті сомаларын және мерзімдерін;
 - 2) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларын;
 - 3) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы төлеудің шарттарын;
 - 4) Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптарды;
 - 5) банк операцияларын жүргізуге мөлшерлемелер мен тарифтердің шектік көлемі;
 - 6) банк қызметтерін ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдерін;
 - 7) банк қызметтерін беру барысында туындайтын клиенттердің өтініштерін қарастыру тәртібін;
 - 8) Банктің және оның клиентінің құқықтары мен міндеттерін, олардың жауапкершілігін;
 - 9) клиенттермен жұмыс тәртібі туралы қағидаларды;
 - 10) Банктің директорлар кеңесі операцияларды жүргізудің жалпы шарттарына енгізу қажет деп санайтын өзге шарттарды, талаптарды және шектеулерді айқындауы тиіс.
- 3.4 Банктің ішкі ережелері:
- 1) Банктің бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін;
 - 2) Ішкі аудит қызметінің, Кредит комитетінің және Банктің басқа тұрақты әрекет ететін органдарының құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;
 - 3) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының құқықтары мен міндеттерін;
 - 4) Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері оның атынан және оның

есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кезде олардың өкілеттіктерін айқындауы тиіс.

4-бап.

БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 4.1 Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен банктер үшін көзделген барлық құқықтарды, Қазақстан Республикасының заңнамасымен банктер үшін тыйым салынбаған және шектелмеген кез келген қызметті Банктің жүзеге асыруы үшін қажетті барлық құқықтарды иеленеді.
- 4.2 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып және ондағы тәртіппен Банк Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі өз филиалдарын, өкілдіктерін және еншілес ұйымдарын ашуға, жабуға немесе қызметін тоқтата тұруға құқылы.
- 4.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулерді ескере отырып, Банк Қазақстан Республикасы резидент және резидент емес заңды тұлғаларының жарғылық капиталдарына қатыса алады.
- 4.4 Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын ескере отырып, айырбасталатын бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар шығару құқығына иелік етеді.

5-бап.

БАНКТИҢ МҮЛКІ

- 5.1 Банк меншіктің жеке нысанында құрылды және оған Жалғыз акционері берген мүліктің (соның ішінде шектеулерсіз акцияларды сатып алу мақсатында Банктің жарғылық капиталына енгізілген акшаның), қызметінен алынған табыстардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алынған кез келген басқа мүліктің немесе құқықтардың меншік иесі болып табылады.
- 5.2 Банктің мүлкі негізгі қорлардан, айналым қаражаттарынан, сондай-ақ құны Банктің баласында көрсетілген басқа активтерден тұрады.
- 5.3 Банктің кредиттік ресурстары банктер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған көздерден, соның ішінде шектеулерсіз:
 - 1) меншікті қаражаттардан (сатып алынған негізгі қорлардың құнын шегергенде);
 - 2) Банктегі шоттардағы заңды тұлғалардың қаражаттарынан, соның ішінде депозиттер түрінде тартылған қаражаттардан;
 - 3) Банктегі шоттардағы жеке тұлғалардың қаражаттарынан;
 - 4) басқа қаржылық институттардан тартылған заемдар мен қаражаттардан тұрады.

6-бап.

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

- 6.1 Банктің жарғылық капиталын (бұдан әрі – «Жарғылық капитал») Жалғыз акционер қалыптастырды және толықтай төледі.

- 6.2 Жарғылық капиталдың мөлшері Жалғыз акционердің шешімі бойынша осы Жарғының және Қазақстан Республикасы заңнамасының қағидаларына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

7-бап.

ҚОСЫМША ҚОРЛАР

- 7.1 Банк қаржылық есептің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сай провизияларды (резервтерді) құрады (ары қарай - «Резервтік Қорлар»).
- 7.2 Резервтік Қорлар Банктің таза пайдасы есебінен Банктік жай акциялары бойынша дивидендтерді төлегенге дейін құрылады. Резервтік Қорларға барлық аударымдардың мөлшері және мерзімділігі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.
- 7.3 Резервтік Қорлар Банкпен шеккен залалдардың орнын толтыру мақсатында және банк қызметін іске асырумен байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да мақсаттар үшін қолданылады.

8-бап.

АКЦИЯЛАР

- 8.1 Жарғылық капитал жай атаулы акциялардан тұрады («Акциялар»), осы Жарғымен артықшылықты акциялар көзделмеген.
- 8.2 Жай Акция Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құқықтарды береді.
- 8.3 Банк шығарған Акциялардың саны мен түрі туралы ақпарат, сондай-ақ Жалғыз акционер туралы ақпарат құнды қағаздарды ұстаушылар реестрлер жүйесінде сақталады және одан ақпаратты беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылды.

9-бап.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

- 9.1 Жалғыз акционер осы Жарғының 9.2 және 9.3 тармақтарында көзделген құқықтар мен міндеттерді қоса алғанда, бірақ шектелмей, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құқықтарды иеленеді және міндеттерді көтереді.
- 9.2 Жалғыз акционердің:
- 9.2.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;
 - 9.2.2 дивидендтер алуға;
 - 9.2.3 Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер белгілеген және (немесе) осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
 - 9.2.4 Құнды қағаздарды ұстаушылар реестрлер жүйесінен оның бағалы қағаздарға

- меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 9.2.5 Банктің органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- 9.2.6 Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Банктің лауазымды адамдарының Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 9.2.7 Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Банкке сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 9.2.8 Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9.2.9 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
- 9.2.10 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Банк акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;
- 9.2.11 Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге әрекеттерді акционерлік қоғам акционерінің құқықтары ретінде жүзеге асыруға құқығы бар.
- 9.3 Жалғыз акционер:
- 9.3.1 Акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес төлеуге;
- 9.3.2. Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды Құнды қағаздарды ұстаушылар реестрлері жүйесін жүргізуге уәкілетті ұйымды және (немесе) нақтылы ұстаушыға акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;
- 9.3.3. Банк туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 9.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

10-бап.

БАНКТИҢ ОРГАНДАРЫ

- 10.1 Мыналар Банктің органдары болып табылады:
- 10.1.1 Жалғыз акционер – Банктің жоғары органы;
- 10.1.2 Директорлар кеңесі – басқару органы (бұдан әрі – «Директорлар кеңесі»);
- 10.1.3 Банк Басқармасы – Банктің атқарушы органы (бұдан әрі – «Басқарма»).
- 10.2 Жалғыз акционердің шешімімен Банкте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің өзге органдарының құрылуы мүмкін.

11-бап.
ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

- 11.1 Банк Жалғыз акционері бар акционерлік қоғам болып табылатындықтан, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілмейді. Жалпы жиналыстың құзыретін жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер – басты банк жеке дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделеді.
- 11.2 Жалғыз акционер Банктің жоғарғы органының өкілеттіктерін өзінің уәкілетті органдары немесе Банктің жоғары органы ретінде Жалғыз акционердің атынан Банктің атынан шешімдер қабылдауға уәкілетті өзге тұлғалар арқылы жүзеге асырады.

12-бап.
ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

- 12.1 Осы Жарғымен белгіленген шектерде Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:
- 1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
 - 2) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 3) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 4) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
 - 5) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 7) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 8) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 10) Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту ;
 - 11) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдау;
 - 12) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 13) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 14) Банк акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу

- әдістемесін бекіту, сондай-ақ оларға өзгертулерді бекіту;
- 15) Жалғыз акционерге Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;
 - 16) нәтижесінде Банк активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Банк сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Банктің жасасуы туралы шешім қабылдауы;
 - 17) мүдделі болып табылатын Банкпен ірі мәмілені жасасу туралы шешім қабылдауы;
 - 18) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 12.2 Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк қызметінің басқа да мәселелерінің жатқызылуы мүмкін. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Банктің Директорлар кеңесінің және/немесе Басқармасының құзыретіне беріле алмайды.

13-бап. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 13.1 Директорлар кеңесі, Банктің Жарғысымен Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- 13.2 Директорлар кеңесі Жалғыз акционер тағайындайтын кем дегенде 3 (үш) мүшеден тұрады. Банктің Директорлар кеңесінің құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.
- 13.3 Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады, ол Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді және осы Жарғымен көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 13.4 Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Банк Басқармасының бастамасы бойынша, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Банктің Ішкі аудит қызметінің, Банкке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, Жалғыз акционердің талап етуі бойынша өткізіледі. Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кем дегенде бір жұмыс күні бұрын беріледі.
- 13.5 Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстары.
- 13.5.1 Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстары, егер оларға Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің кем дегенде алпыс пайызы

(60%) дербес қатысып отырса, заңды болып табылады.

- 13.5.2 Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған шамада Директорлар кеңесінің отырысы конференц-байланысы бар телефон немесе отырысқа қатысып отырған барлық директорлар бірін бірі ести алатын ұқсас жабдық арқылы өткізіле алады, және бұл ретте отырысқа осындай қатысу өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысында дербес қатысу болып табылады.
- 13.5.3 Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа иелік етеді. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Директорлар кеңесінің қандай да бір шешіміне жақтаған және қарсы дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 13.5.4 Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа төрағалық етуші тұлға және Банктің корпоративтік хатшысы («Корпоративтік хатшы») қолдарын қоюы тиіс.
- 13.6 Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдері.
- 13.6.1 Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.
- 13.6.2 Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша материалдардың көшірмелерін қоса берумен Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыстарды есептеудің белгіленген күніне дейін үш (3) жұмыс күні бұрын жіберіледі (таратылады).
- 13.6.3 Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде болуы тиіс:
- 1) Банктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді берудің түпкілікті күні;
 - 3) Директорлар кеңесінің отырысын өткізбей сырттай дауыс беру кезінде дауыстарды санау күні;
 - 4) Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелердің тізбесі;
 - 5) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
 - 6) Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған әрбір мәселе бойынша «жақтап», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен тұжырымдалған дауыс берудің нұсқалары;
 - 7) дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.
- 13.6.4 Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім Банк белгіленген мерзімде алған толтырылған бюллетеньдерге сәйкес кворум болған кезде қабылданған болып саналады. Кворумды Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің жалпы санының алпыс пайызы (60%) құрайды.
- 13.6.5 Толтырылған бюллетеньдер қолына берумен, курьерлік қызметпен берілген, не толтырылған бюллетеньдердің көшірмелері электронды почта, факс немесе өзге байланыс құралдары арқылы берілген болса (кейіннен түпнұсқалары Банктің орналасқан жеріне жіберілген жағдайда) бюллетеньдерді Банк алған

болып танылады.

- 13.6.6 Сырттай дауыс беру кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері толтырылған бюллетеньдерді берген Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қолын қоюы тиіс.
- 13.6.7 Егер тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінен дауыстарды санау үшін белгіленген күннен ерте келіп түссе, онда дауыстарды белгіленген мерзімнен ерте санауға жол беріледі.
- 13.6.8 Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Банктің Корпоративтік хатшысы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы қолдарын қоюы тиіс. Шешімге қол қойылған күннен бастап жиырма күннің ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса берумен жіберілуі тиіс.

13.7 Директорлар кеңесінің құзыреті.

Мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Банк Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Банк Басқармасының Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 9) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 10) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банктің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін

- айқындау;
- 12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
 - 15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 16) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
 - 17) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - 18) ірі мәмілелер немесе жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау, осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасуы Жалғыз акционермен қабылданатын ірі мәмілелерден басқа;
 - 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Банктің Жарғысында, не Банктің өзге ішкі құжаттарында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

14-бап. БАСҚАРМА

- 14.1 Басқарма Банктің алқалық атқарушы органы болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.
- 14.2 Банк Басқармасы кем дегенде үш (3) мүшеден тұрады. Басқарма Төрағасын, орынбасарларын және Басқарма мүшелерін Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген тәртіппен лауазымда сайлайды. Басқарма мүшелерінің бірі Басқарманың қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Басқарма Төрағасы («**Басқарма Төрағасы**»), болып табылады.
- 14.3 Басқарманың отырысы және кворум.
 - 14.3.1 Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай, Басқарманың кез келген мүшесінің бастамасы бойынша өткізіледі.
 - 14.3.2 Басқарманың отырыстары, егер оларға Басқарманың сайланған мүшелерінің жалпы санының кем дегенде алпыс пайызы (60%) қатысып отырса, заңды болып табылады.
 - 14.3.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған шамасында Басқарманың отырысы конференц-байланысы бар телефон немесе отырысқа қатысып отырған Басқарманың барлық мүшелері оның көмегімен бірін бірі ести алатын ұқсас жабдық арқылы өткізіле алады және бұл ретте отырысқа

мұндай қатысу отырысқа дербес қатысу болып табылады. Осы Жарғының 14.3.2-тармағында жазылған кворумға қатысты талаптар осындай отырысқа қолданылады.

14.3.4 Басқарманың әрбір мүшесі Басқарманың отырыстарында бір дауысқа иелік етеді. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер Басқарманың қандай да болсын шешімін жақтайтын және қарсы дауыстар тең бөлінсе, Басқарма Төрағасының шешімі шешуші болып табылады.

14.3.5 Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Басқарманың барлық мүшелері қолдарын қоюы және дауыс беруге қойылған мәселелерді, олар бойынша дауыс беру қортындыларын, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру қорытындыларын қамтуы тиіс. Банк Басқармасы мүшесінің құқықтарын өзге тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

14.4 Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен немесе Банктің өзге ішкі құжаттарымен Банктің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

14.5 Жалғыз акционер белгілейтін шектеулерді ескере отырып, Басқарма Төрағасы мынадай өкілеттіктерге иелік етеді:

- 1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Банк қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Банктің Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және Корпоративтік хатшыны қоспағанда, Банк қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;
- 7) осы Жарғыда, Банктің ішкі құжаттарында және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15-бап.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

15.1 Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Банкте Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Ішкі аудит қызметі құрылды.

- 15.2 Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды және Басқарманың мүшелері болып тағайындала алмайды.
- 15.3 Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

16-бап.
ТАБЫСТЫ БӨЛУ

- 16.1 Банктің Акциялары бойынша дивидендтер Жалғыз акционер дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда ақшамен немесе бағалы қағаздармен төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларда Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді.
- 16.2 Жалғыз акционер дивидендтер нысанында Жалғыз аукционердің алуы үшін таза табыстың бөлігін белгілейді. Жалғыз акционер алатын дивидендтерінің мөлшерін жариялайды.
- 16.3 Банктің Акциялары бойынша дивидендтер кез келген кезеңмен Банктің таза пайдасы есебінен тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындылары бойынша, сондай-ақ өткен жылдардың таратылмаған пайдасы есебінен Банктің сәйкес кезең бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін төлене алады. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Банктің Жалғыз акционері қабылдайды.
- 16.4 Акциялар бойынша дивидендтер мұндай Акциялар толықтай төленсе ғана төлене алады. Дивидендтер орналастырылмаған немесе Банк өтемін төлеп алмаған Акциялар бойынша төленбейді.
- 16.5 Банк дивидендтерге барлық салықтарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін шамада шегереді және/немесе ұстап қалады.

17-бап.
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛ, ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

- 17.1 Басқарма жыл сайын аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген аяқталған жыл үшін жылдық қаржы есептілігін Жалғыз акционердің бекітуі үшін береді. Қаржы есептілігінен басқа Басқарма Жалғыз акционерге аудиторлық есепті береді. Жылдық қаржы есептілігін оны Жалғыз акционердің бекітуіне дейін Директорлар кеңесі алдында ала бекітуі тиіс.
- 17.2 Банктің есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы заңнамасына және халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес жүргізіледі. Жалғыз акционердің қалауы бойынша Банк жазбалар мен есептердің қосымша түрін жүргізе алады. Банктің қаржылық жылы әрбір күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында басталады және 31 желтоқсанында аяқталады.
- 17.3 Банк жылдық қаржы есептілігін, сондай-ақ аудиторлық есебін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және

мерзімде жариялайды.

18-бап. АҚПАРАТТЫ АШУ

- 18.1 Жалғыз акционерге Банктің қызметі туралы ақпарат беруді Банк Жалғыз акционердің жазбаша сауалдарының негізінде жүзеге асырады.

Бұған қоса, Банк қаржылық есеп депозитарийдің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Банктің жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты, сондай өзінің қызметі жөніндегі басқа да ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

- 18.2 Банк қор биржасының мүшесі бола отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен және мерзімде қор биржасының интернет-ресурсында орналастыру үшін ақпарат беруді жүзеге асырады.

- 18.3 Банктің қызметі туралы ақпаратты Банк интернет желісіндегі Банктің корпоративтік веб-сайтында - www.citibank.kz жариялауды жүзеге асыруға құқылы.

19-бап.

БАНКТИҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР МЕН БАНКТИҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ.

- 19.1 Банктің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
- 19.2 Банк өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе құнды қағаздарды ұстаушылар реестрлер жүйесінде сақталған мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.
- 19.3 Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті Банкке табыс етуге міндетті.
- 19.4 Банктің аффилиирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлға туралы мәліметтер келесі ақпаратты қамтуы тиіс:
- 1) заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
 - 2) заңды тұлғаның нақты орналасқан жері (почталық мекенжайы);
 - 3) бизнес сәйкестендіру нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні;
 - 4) Банкпен аффилиирленудің туындау күні және негіздемесі;
 - 5) заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғаларының тізімі.

19.5 Банктің аффилиирленген тұлғасы болып табылатын жеке тұлға туралы мәліметтер келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) жеке тұлғаның туған күні;
- 3) Банкпен аффилиирленудің туындау күні және негіздемесі;
- 4) жеке тұлғаның аффилиирленген тұлғаларының тізімі.

19.6 Банктің аффилиирленген тұлғаларының өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді беру тәртібі Банктің ішкі құжаттарымен белгіленуі мүмкін.

20-бап.

БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

20.1 Банктің қызметі:

- 1) Уәкілетті органның рұқсат болған кезде Жалғыз акционердің шешімі бойынша (ерікті тарату);
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату) тоқтатылуы мүмкін.


20.2 Банктің қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру (біріктіру, біріктіру, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) немесе осы бапқа сәйкес тарату жолымен жүргізілуі мүмкін.

20.3 Банкті таратуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тағайындалатын тарату комиссиясы жүргізеді.

20.4 Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап Банкті істерін жүргізу жөніндегі өкілеттік тарату комиссиясына көшеді, оның қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

20.5 Банкті қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалғыз акционер уәкілетті еткен тұлға:


«Ситибанк Қазақстан» АҚ Басқарма Төрағасы



УТВЕРЖДЕН

**Решением Единственного
Акционера**

№04-18/А от 20 августа 2018 г.

УСТАВ

Акционерного общества

«Ситибанк Казахстан»

Статья 1 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Настоящий устав (далее – «Устав») Акционерного общества «Ситибанк Казахстан» (далее - «Банк») определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.1 Полное наименование Банка:

На казахском языке: «Ситибанк Қазақстан» Акционерлік қоғамы

На русском языке: Акционерное общество «Ситибанк Казахстан»

На английском языке: Citibank Kazakhstan Joint Stock Company

Сокращенное наименование Банка:

На казахском языке: «Ситибанк Қазақстан» АҚ

На русском языке: АО «Ситибанк Казахстан»

На английском языке: Citibank Kazakhstan JSC

1.2 Место нахождения Банка и его исполнительного органа: Республика Казахстан, 050010, Алматы, ул. Казыбек Би 41, Парк Палас Здание «А».

1.3 Банк учрежден на неограниченный срок деятельности.

1.4 Настоящий Устав заменяет устав Банка, утвержденный решением Единственного акционера №05-15/А от 2 сентября 2015 года с изменением №1 к нему, утвержденным решением Единственного акционера №04-16/А от 7 сентября 2016 года, пересматривает, исправляет и заменяет любые его положения.

Статья 2 ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС БАНКА

2.1 Банк является юридическим лицом, созданным в соответствии с законодательством Республики Казахстан в форме акционерного общества, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде. Банк осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

2.2 Банк является дочерним банком второго уровня с иностранным участием и входит в единую банковскую систему Республики Казахстан.

2.3 Банк приобрел права юридического лица с момента его государственной регистрации в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

- 2.4 Банк несет ответственность по своим обязательствам только в пределах своего имущества, на которое может быть обращено взыскание в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- 2.5 Государство не несет ответственности по обязательствам Банка, как и Банк не несет ответственности по обязательствам государства.
